№28
(7870)

11 шілде,
Жексенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

Сұхбат

«NUR OTAN» «ӘР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!» ҰСЫНАДЫ!

БАРШАҒА БЕЛГІЛІ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ 10-Ы КҮНІ ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. ОСЫ ОРАЙДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫ: ӘР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ЖАЙЫНДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИНМЕН АРНАЙЫ СҰХБАТ ҚҰРДЫҚ. ЕНДЕШЕ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ӨТКЕН САЯСИ НАУҚАН АЛДЫНДАҒЫ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ БЕРГЕН УӘДЕЛЕРІ МЕН АТҚАРЫЛУҒА ТИІС БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.

- Армысыз ага! Бүгінде саяси партия дегенде алдымен мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге ұмтылатын белсенді ұйым деп түсінеміз. Алайда үстірт ойлап, асығыс байламға барудың керегі жоқ. Себебі халықтың қалауымен сайланған саяси партия еліміздің тәуелсіз, тұтас, бейбіт, қуатты болуы үшін адал қызмет етуі тиіс. «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы аясында қандай жұмыстар атқарылуда?

- Әлбетте. Аталған саяси науқан әділ, әрі сәтті өтті. Себебі халықтың басым бөлігі «Nur Otan» партиясына қолдау білдірді. Сондықтан біздің партия халық сенімін ақтауға бар күшін салып келеді. Жол картасы Сайлауалды бағдарламасының 4 бағытын іске асыру бойынша 362 тармақты қамтиды. Жол картасының барлық шаралары мен индикаторлары жауапты мемлекеттік органдарды бекіте отырып, жылдар, салалар және өңірлер бойынша бөлінеді. «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы сайлау науқанының үгіт-насихат жұмыстары барысында сайлаушылар тарапынан түскен ұсыныстар, ел-халықтан түскен өтініштер, олардың көтерген мәселелерді шешуге, сондай-ақ, экономика мен өңірдің тұрақты дамуына бағытталған халықтың барлық санаты ескеріліп, орындалуы жылдар бойынша белгіленген қаржылық тұрғыдан қамтамасыз етілген маңызды бағдарлама. Жол картасы Партияның бағдарламасын іске асыру бойынша Үкіметтің алдағы 5 жылға арналған нақты іс-қимыл жоспары. Аудан бойынша Жол картасының жүзеге асырылуын бақылау және мониторингілеу мақсатында партия филиалы жанынан Қоғамдық кеңестер жасақталып, төрағалары мен мүшелері бекітілді. Сондай-ақ белгіленген шаралар мен нақты индикаторларға жауапты ретінде депутаттық фракция мүшелері белгіленді.

- Аталған бағдарлама аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған. Бағдарлама аясында біздің ауданда жүзеге асырылып жатқан басым бағыттарына тоқталып өтсеңіз.

- 2021 жылы жұмыспен қамту бойынша 550 жұмыс орны жоспарланса, бүгінгі күнде 700 жұмыс орны ашылып, орындалуы 127,3 пайызға жетіп отыр. Жұмыссыз жандарды жұмыспен қамту мақсатында жыл сайын бос орындарға кемінде 1100 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланса, қазіргі таңда 670-і жұмысқа орналасты. Біздің аудандағы өзекті мәселелердің бірі - тұрғын үй мәселесі. Халықтың осал топтарына жататын тұрғындарға үй сатып алып беру үшін Республикалық бюджеттен 16 миллион, аудандық бюджеттен 11 миллион теңге қаржы бөлініп, үй алып беру мәселелері жалғасын тауып келеді. Бүгінгі таңда ауданымызда 14 елді мекен ауыз сумен қамтылып, ол халықтың 92,0 пайызын құрап отыр. Қазіргі таңда Бестамақ елді мекеніне 202,3 миллион теңгеге ауыз су құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ медициналық қызмет көрсету сапасы артып, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстар жанданып, елді мекендерге интернет тарту жұмыстары жүргізілуде.

- Қазірге таңда көптің көкейінде жүрген мәселелердің бірі - Қараой бағытындағы көтерме жолға асфальт төсеу мәселесі. Былтыр қыс мезгіліне қарамастан кешеуілдеп басталған жұмыстар сол қалпында тоқтап қалды. Бұл жайында не айтар едіңіз?

- Ойыл-Қараой бағытындағы жолға асфальт төсеу мәселесі бойынша аудандық мәслихаттың сессиясын шақырып, облыстық бюджеттік комиссияға жобалық сметалық құжаттамаларды қайта анықтап, нақтылап қосымша қаржы сұралды. Қосымша қаржы көлемі 432 милиион 891 мың теңгені құрайды. Бұдан бөлек, Көптоғай ауылдық округіне дәрігерлік амбулаториясын салу үшін жобалық сметалық құжаттарына облыстық бюджеттен 4 миллион 500 мың теңге қаржы қаралып, сараптама қорытындысы шықса, құрылыс жұмыстары биыл басталады. Одан кейінгі көкейкесті мәселенің бірі болған Теректі, Қарасу мектептеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізу жоспары жүзеге аспады. Өйткені аталған мектептер саман тастан қаланғандықтан биылға ағымдағы жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен екі мектепке де қаржы бөлінді. Алдағы уақытта модулді мектеп салу ұсынылып отыр. Міне мұндай өзекті мәселелер партия бақылауынан түспейді. Сондықтан қомақты қаржыны қажет ететін мәселелер кезеңкезеңімен жүзеге асырыла береді.

«Nur Otan» партиясы әрдайым халықпен бірге!

- Сұхбатыңызға рақмет.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ХҚО АТЫН ЖАМЫЛҒАН АЛАЯҚТАР КӨП

Алаяқтық әрекеттердің жиілеп кетуіне байланысты «Азаматтарға арналған үкімет» ХҚО қызметкерлерінің клиенттерге қоңырау шалмайтынын және қарыздарын өтеуді немесе төлқұжат деректерін тексеруді сұрамайтынын ескертеді.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлері, сондай-ақ борышкерлердің деректер базасын көрмейтінін, азаматтардың банк шоттарын бұғаттай алмайтынын және шетелге шығуға тыйым сала алмайтынын хабарлайды. Клиенттермен барлық қарымқатынас тек 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

SMS-хабарлама арқылы клиенттерге брондау уақыты, құжаттардың қолданыс мерзімінің аяқталуы, мемлекеттік қызметтер бойынша берген өтініштерінің нәтижесі туралы хабарланады.

Біз қазақстандықтарды қырағылық танытуды және бөгде адамдарға өздерінің паспорт деректерін немесе цифрлық қолтаңбаларын бермеуді сұраймыз. Сіздің жеке кабинетіңізге кіре отырып, алаяқтар сіз туралы ақпаратты өз пайдасына пайдалануы мүмкін.

Сәуле ХАМИДОЛЛА,
«Азаматтарға арналған үкімет» Ақтөбе облысы бойынша филиалының ресми өкілі.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Грант берудің мақсаты белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған, жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау», - делінген Үкімет қаулысында. Грант беру міндеттері: талантты және талапты жастарды қолдау; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін практикалық қызығушылық танытатын жастардың инновациялық жобалары мен ғылыми-техникалық өзірлемелерін анықтау және қолдау; жастардың жаңа және қолданыстағы стартап-жобаларын іске асыруға жәрдем көрсету; жастар арасында шығармашылық қызметті танымал ету. Гранттың мөлшері мен санын Үкімет жыл сайын белгілейді. Гранттар ҚР азаматтарына жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін келесі бағыттар бойынша конкурстық негізде беріледі: «Ғылым» - ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобалар мен зерттеулерді іске асыру үшін; «Мәдениет» - Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін; «Ақпараттық технологиялар» - жаңа IT-шешімдер мен жобаларды, оның ішінде бастаушы стартап-жобаларды іске асыру және өзірлеу үшін; «Бизнес» - экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін; «Медиа» - жаңа медиа-жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контентті құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін. Конкурстық өтінімдер мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қабылданады және онда төмендегі мәлімет болуы қажет: жобаның сипаттамасы; жобаның бейнепрезентациясы (60 секундтан көп емес); шығындар сметасының жобасы; зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса). Қаулы 2021 жылғы 20 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақпарат

«ЕКПЕ АЛ ДА, АВТОКӨЛІК ҰТЫП АЛ!»

Ақтөбе облысында 25 маусымда осындай атаумен науқан басталады. Науқан екі кезеңмен өтеді: 25 маусымнан 10 тамызға дейін және 11 тамыздан 25 қыркүйекке дейін. Оған 25 маусым мен 25 қыркүйек аралығында Ақтөбе облысының аумағында коронавирус індетіне қарсы кез келген екпенің бірінші компонентін алған тұлғалардың барлығы қатыса алады. Жеңімпаздар «AQTOBE» телеарнасының тікелей эфирінде кездейсоқ тәртіпте анықталады. Әр кезеңнің басты жүлдесі - 2021 жылы шыққан Chevrolet Cobalt маркалы автокөлік. Сондай-ақ, смартфондар, планшеттер, спорттық велосипедтер, робот шаңсорғыштар мен смарт сағаттар сияқты аралық жүлделер де ойнатылатын болады. Науқан демеушілердің қаражатына өткізілуде. Толығырақ ақпарат @vakcina_aktobe аккаунтында (барлық сұрақтарды директке, түсініктемелерде жаза аласыз) немесе aktobe.gov.kz сайттында.

ПОЛУЧИ ВАКЦИНУ - ВЫИГРАЙ АВТОМОБИЛЬ!».

Получи вакцину - выиграй автомобиль!».

Акция под таким названием стартует в Актюбинской области 25 июня. Она будет проводиться в 2 этапа: с 25 июня по 10 августа и с 11 августа по 25 сентября. Участие в акции смогут принять все лица, получившие I компонент любой вакцины против коронавируса с 25 июня по 25 сентября на территории Актюбинской области. Победители будут определены в случайном порядке в прямом эфире телеканала «AQTOBE». В каждом из этапов главным призом станет новый автомобиль марки Chevrolet Cobalt. Также будут разыгрываться промежуточные призы: смартфоны, планшеты, спортивные велосипеды, робот-пылесосы и смарт часы. Акция проводится за счёт привлечения спонсорских средств. Более детальная информация в аккаунте @vakcina_aktobe (можете все вопросы писать в директ или оставлять в комментариях) и на сайте aktobe.gov.kz.

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТУ

АҒАЙЫНЫҢДЫ АУРУДЫҢ «АУЗЫНА» ИТЕРУМЕН ТЕҢ!

Соңғы жылдары елімізде балаларына жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпе салдырмай, одан бас тартып жүрген ата-аналар бар. Зерттеп қарасақ, балаларына екпе салдырудан бас тартып отырған ата-аналар көбіне діни көзқарасын алға тартатын жастар. Енді бүгін олардың қатарына әлеуметтік желідегі өртүрлі алыпқашпа өңгімеге сенген әлемді аландатқан аурудың алдын-алу үшін шығарылған вакцинадан бас тартушылар толықтырып отыр.

Алайда олардың өздері уақытылы профилактикалық екпелерін алған. Олай дейтін себебіміз, осыдан 30-40 жыл бұрын олардың ата-аналарына қызылша мен дифтерия ауруларының қорқынышты екендігін түсіндіру қажет болған жоқ. Аталған жұқпалы аурулардан балалар өлімінің себептері өте көп болған. 1980 жылдары дүниежүзі бойынша шешек (оспа) ауруы мүлде жойылды, оған себеп – екпе. Осындай аурулардан қорғанудың басты жолы 95-100 пайыз алдын ала екпемен қамту екені дәлелденген. Сондықтан, елімізде бұл жағдай дұрыс жолға қойылған.

Жалпы екпе салғаннан кейін ағзада сол ауруға қарсы арнайы антиденелер пайда болады. Қорғану антиденелерінің нәтижесінен баланың дене қызуы көтеріліп, ине салған жері қызаруы мүмкін. Бала мазасызданып жатады. Бұл алғашқы күндері ғана болады. Сондықтан одан қорқудың қажеті жоқ.

Қазақстанда профилактикалық екпе егудің ұлттық күнтізбесі бойынша 11 жұқпалы аурудың түріне қарсы екпе тегін жүргізіледі. Біздің елге келетін екпенің барлығы да Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сертификатымен, рұқсаттарымен келеді. Әрбір келген вакцинаны бірнеше айдан бастап, бірнеше жылдар бойы зерттеп, оның қауіпсіздігі тексеріледі. Мұндай мүмкіндік кез келген елде жоқ.

Қалай десек те, бастысы екпе баланы аурудан қорғайды. Сондықтан екпенің негізгі мақсаты — ол адам ағзасында иммунитеттің пайда болуы арқылы жұқпалы ауруларды қабылдауға қарсы тұру. Соның нәтижесінде ауруға шалдығу мен өлім-жітім санын азайтудың да өте маңызы зор. Екпе егу арқылы жұқпалы аурулардан қорғанасыз және отбасыңыздың амандығын сақтайсыз. Сол себепті екпе жасаудың маңыздылығын әрбір ата-ана назарда ұстаған жөн.

Сол сияқты, бүгінгі қауіпті дерттің алдын-алу үшін шығарылған, ұсынылған екпеден бас тарту өзінді ғана емес, айналандағы ағайыныңды қауіпті аурудың «аузына» итерумен тең!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

Сайлау 2021

Ойыл ауданының ауылдық округтері әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5-бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы келесідей ауылдық округтер әкіміне кандидаттарды тіркеді:

Көптоғай ауылдық округі бойынша:

1. Асылбаев Ерлан Базарбайұлы - 1975 жылы туған, Көптоғай ауылдық округінің әкімі, Ойыл ауданы Көптоғай ауылында тұрады, «Nur Otan» партиясы ұсынған;
2. Сатығалиев Қуаныш Айсаұлы - 1983 жылы туған, Жақсыбайкөл негізгі мектебінің директоры, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Жаңақоныс ауылы 5 үйде тұрады, «Ауыл» ХДПП-ы ұсынған;
3. Аманғосов Артур Сәрсенбайұлы - 1975 жылы туған, «Ойыл ауданы өкімінің аппараты» ММ-нің бас инспекторы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы Сәтпаев көшесі 9 үйде тұрады, өзін-өзі ұсынған;

Саралжын ауылдық округінің әкімдігіне:

1.Қосбаев Ахметжан – 1981 жылы туған, «Қазпошта» АҚ ірі көлемді пошта жөнелтілімдері учаскесінің диспечері, Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі, Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 4А үйде тұрады, «ADAL» саяси партиясы ұсынған.

2. Рабаева Марина Андрейқызы - 1991 жылы туған, Теректі негізгі мектебі оқу ісінің меңгерушісі, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы тұрғын үй алабы, 12/92 үйде тұрады, Қазақстанның «Ақжол» Демократиялық партиясы ұсынған.

3. Төжіғалиев Марат Тлепбергенұлы - 1963 жылы туған, Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің директоры, Саралжын ауылдық округі, Кемер ауылы, Алаш көшесі 10 үйде тұрады, өзін-өзі ұсынған.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ ІЗЕТ

Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар болатын. Ондай құрмет жасы үлкен кісінің қай рудан, қай жүзден, қай ұлттан екендігіне қарамай көрсетілетін. XIX ғасырдың аяқ кезінде неміс ғалымдарының бірі Ф. Фон Шварц былай деп жазған болатын: «Қырғыз-қайсақтарда сұлтан, батырлармен қатар барлық жасы үлкен, қартайған ер азаматтардың бәрі де кім екеніне, қандай тектен шыққанына қарамай, ерекше сый-құрметке бөленеді». Олар барлық мерекелерде, жиын-тойларда құрметті орындарға, төрге шығарылады. Жиналыстарда олар елеулі рөл атқарады. Жастар олардың айтқан сөздерін жерге тастамай, мүлтіксіз орындайды. Жас жігіт үшін үлкен табақтан ақсақалдың өз қолынан ет асау ең жоғары марапаттың белгісі саналады. Кіші іні үлкен ағаның рұқсатынсыз дастарқан басына өз бетінше ешқашан отырмайды.

Жас адамның үлкен кісінің алдын көлденең кесіп өтуі көргенсіздік деп есептелінетін. Бұл ереже өйел адамның ер азаматтың алдын кесіп өтпеуіне де қатысты болатын. Жасы кішілердің жасы үлкендерге дауыс көтеруі сорақы әдепсіздік саналып, оған үзілді кесілді тыйым салынған. Әңгіме үстінде жасы үлкен кісінің сөзін бөлуге ешқашан рұқсат етілмеген. Жастар алыс жолға аттанарда не үй болып, шаңырақ көтерерде жасы үлкен ақсақалдардың алдынан өтіп, ақ батасын алатын. Қазақтар жасы үлкен өрі құрметті адамдардан мұндай батаны жауға аттанарда да сұрайтын.

Әйгілі Қашаған ақын былай деген:
Жетпістен жасы асқанда,
Сексенге аяқ басқанда,
Жастар елеп келмесе,
Келіп сәлем бермесе,
Күнде асыл кисе де,
Қартайғанда ер жетім.

Яғни жақсы сөз жанды жылытады, аяғы ауырып, жүрістен қалған шақта, қатары азайып көңілі жүдеген кезде қарттарға бұрылып сәлем беру, ол кісілер үшін үлкен құрмет. Олар бір жасап қалады, рахмет айтып, батасын береді.

«Дін мен дәстүр» кітабынан

Ойыл 100 жыл

КӨКЖАРДА САТЫЛАДЫ ПАРСЫ КІЛЕМ

Ұзындығы жеті мың шақырымнан асатын Ұлы Жібек жолының сан тармағының қазақ жерін басып өткені белгілі. «Ұлы Жібек жолы» дегеніміздің өзі Еуразия құрылығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы. Ол біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдан біздің заманымыздағы XVI ғасырға дейін Орта Азия арқылы Қытайды алдыңғы Азиямен байланыстырды. Негізгі сауда тауары ретінде Қытай жібегі сатылды. I-II, VII-X ғасырларда, XV ғасырда Ұлы Жібек жолының маңызы ерекше болды (52.131). Фридрих Энгельсте «Ресейдің Орта Азияға жақындауы» атты еңбегінде Орта Азияның Ресейге екі керуен жолымен шығатыны туралы айтады. «Ежелгі Қазақстан» атты еңбекте берілген картада Ұлы Жібек жолының Сарайшықтан Жанкент арқылы Үргенішке баратын бөлігі

бүгінгі Ойыл өңірін басып өткені бейнеленген. Демек, сауда жасау ісі өңірде біз айтып жүргеннен өлдеқайда бұрын басталған.

XV ғасырда Алтын Орда толық ыдырап, билік сахнасынан шығып калды, соған орай экономиканың тірегі — сауда қатынасы да күйзеліске ұшырады. Тарихшылар айтқандай, Кіші жүз Байұлы (12, кейбір деректерде 13), Әлімұлы немесе қаракесек (6), Жетіру (7) болып тайпалық сипатта бірте-бірте қалыптасқан осы тарихи кезеңде, жаңағы Алтын Орда жұрнақтарының, онын ішінде бытыраған ноғайлының Батыс өлкеге, атап айтқанда Елек, Ойыл, Қиыл, Жем бойларына дейін жылжығаны белгілі. Тарихи әдебиеттерде ноғайлының керуен жолы деп аталатын жолдың Ойыл үстімен де өтетіні осы кез болса керек. Өйткені, жаңағы Жем бойына дейін үдере көшкен ноғайлылардың белгілі әміршілерінің бірі, Мәскеудің қолтығына су бүркіп Қазақ пен Аштарханның құлауына бар күшін салған, ақыры ноғайлының екінші бір әміршісі Исмаилдың қолынан қаза тауып тынған Жүсіп 1552 жылдың мамырында Ойыл жағасына келіп қоныстанды (2.463).

Жүсіп пен Исмаил арасындағы азаматтық соғысқа ұласқан текетірестің соңы Үлкен ноғайлының экономикалық жағынан күйреуіне әкеп соқты. Соған орай, өйгілі сауда-саттық қатынастар да өбден құлдырады. Оның бір мысалы — Мәскеу елшісі Елизар Мальцев адам өлтіргені үшін төленетін құнға ноғайлар белгілеген 700 қойдың тауарларын Мәскеуде 30 рубльге сатып алды. Тауар құны қой құнымен өлшенген ғой. Батыс Қазакстанда 1557 жылы бір рубльге 23 қой алуға болатын еді (2.473). Егер, Көкжар жәрмеңкесінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында бір қойдың құны 2 рубльдің төнірегінде болғанын ескерсек, арада үш ғасырдай уақыт өткенде орыс ақшасының өзіндік құнының бытыраған князьдіктерден алып империяға айналған мемлекеттің күш-куатымен бірге өскендігін көреміз.

Ішінара деректерде алғашқы керуен жолының Ойыл бекінісінің шығысындағы Кенен атты жерден өтетіні келтіріледі. Кененнен Қазбек шатқалына ауыстырылады. Қазбектен Ойыл бекінісінің шығысына қарай 70 верста жердегі Барқынқұмға ауыстырылып, осы жерде арнайы керуен сарай тұрғызылады. Орыс құжатпарында келтірілген деректер бойынша жәрмеңке Ойыл бекінісіне Барқын құмынан емес, Қазбектен көшіріледі. Барқын құмы мен Қазбектің арасы әжептәуір. Осы арада бір мән бар. Біріншіден, Орал облысының әскери губернаторы Веревкин 1865 жылғы 17 шілдеде Орынбор генерал-губернаторы Крыжановскийден Барқындағы жәрмеңкені Ойыл бекінісіне көшіруді өтінсе, төрт жылдан кейін, яғни 1869 жылғы 14 шілдеде сол Веревкин сол Крыжановскийге бұрын Қазбекте болған жәрмеңке биылғы күзден бастап Ойыл бекінісіне көшіріледі деп хабарлайды. Торғай генерал-губернаторының 1869 жылғы 12 наурызда Веревкинге жазған хатында «Қазбекте мамыр айында 1867 жылы ашылған жәрмеңке өтуі керек еді, бірақ оны «Ережеге» қарсы көтерілгендер қиратып тастады деп шағынуына қарағанда, сол жылдарда жәрмеңкенің Қазбекте өткені ақиқат. Ендеше жәрмеңке Қазбектен бұрын Барқын құмында өткізілген болып шығады. Арнайы керуен сарайы кез келген жерге салына бермейді, демек Барқын құмының астында қала жатыр деген аңыз-әңгіме шындыққа жақындай түседі. Олай болса, жәрмеңкенің сол керуен сарайынан кейін Қазбекте болуы және Қазбектің атақты «Қырымның қырық батыры» жырында аталуы көп жайтты аңғартса керек.

Көкжар жәрмеңкесінің тарихын өріден емес, құжаттарға көбірек түскен XIX ғасырдың соңғы жылдарындағы оқиғалар аясында өрбітсек, аталған жәрмеңкенің экономикалық та, саяси да қызу тартыстар ошағы болғанын көреміз. Миссионерлік пиғылдағы зерттеушілер мен патша шенеуніктерінің жәрмеңке орналасқан жерді Ресей мен Орта Азия елдерінен шыққан керуендер түйіскен жер, орыс мұжықтарын қоныстандыруға таптырмайтын өлке деп бағалауы тегін еместі. Ол, бір жағынан, керуен жолындағы елдердің саудасын жүргізіп, қазіргі тілмен айтқанда нарықты меңгеруіне игі ықпал етсе, екінші жағынан империялық саясаттың бодан елге басакөктеп кіруінің бір көрінісі еді. Сондықтан жәрмеңкенің салынуын жергілікті халық екіұдай қабылдады. Бірі қару алып қарсы шықса, екіншісі жәрмеңкенің құрылысына тікелей ат салысты.

Жалпы Қазақстанда жәрмеңкелер қозғалысы XIX ғасырдың 30-жылдарында басталды. Бір тайыншасын бір кез матаға, не бір пұт ұнға, бір лағын бір қарбызға айырбастайтын кедей-кепшіктің, жалпы елдестерінің мұңмүддесіне қабырғасы қайысқан Жәңгір хан Орынбор губернаторына қайтақайта өтініш салып жүріп, 1832 жылы Ордада жәрмеңке ұйымдастыруға ресми рұқсат алды. Жәрмеңкені ұйымдастыруға қазынадан 56 161 сом ақша жұмсалды. Оның сауда айналымы 1836 жылы 2 миллион сомнан асты. Бұл қазақ жеріндегі, сол кездің өлшемімен айтқанда, жәрмеңкелік қозғалыстың алғашқы қарылғашы еді. Оған 316 дүңгіршектің басын біріктірген 12 үлкен корпус салынды. Базар нарқын Хан кеңесінің мүшелері үнемі қадағалап отырды (80).

Ал Көкжар жәрмеңкесі Ресей әкімшілігінің бастамасымен, солардың қазақ даласын отарлау мақсатында салынды. Орал облыстық басқармасының әскери губернаторы Веревкиннің 1869 жылғы 29 қарашада Орынбордың генерал-губернаторына жолдаған хатында айтылғандай, Ойыл жәрмеңкесі туралы ереже Ресей Ішкі істер министрінің 1866 жылғы 7 қыркүйектегі өкімімен бекітілді. Ресей әкімшілігі жәрмеңкенің құрылысынан бастап, ондағы орыс ұлтты тұрғындардың тұрмысына дейінгі барлық күнделікті тіршілікті жіті қадағалап отырды.

Көкжарда сауда алғашқыда тауар алмасу түрінде жүргізілді және сауданың мұндай түрі ойылдықтар үшін шекаралас Орынбордың айырбас сауда базары арқылы дамыды. Бұл базардың өзі басында Орта Азия байлары мен орыс көпестерінің бір-бірімен тауар алмасуына қолайлы мүмкіндік жасау мақсатында ашылған-ды Оның құрылысының қай жылы басталғанын орыс зерттеушілерінің өзі нақтылап айта алмайды, тек 1758 жылы аяқталған болуы мүмкін деп болжам жасайды. Ал белгілі әдебиеттші-жазушы Ғ.Ахмедов оның Неплюевтің бұйрығымен Жайықтың шығыс бетінде, қаладан жеті шақырым жерде салынғанын, іргесі 1807 жылдан бастап қаланғанын айтады (81).

Бірақ соңғы дерек күдік келтіреді, өйткені орыстың белгілі тарихшысы А.И.Добромысловтың жазбаларына қарағанда, Орынбор губерниясы 1744 жылғы 15 наурызда құрылып, онын алғашқы губернаторы болып И.И.Неплюев тағайындалды (82). Және И.И.Неплюев 1764 жылы отставкаға кетті. Ендеше отставкаға кеткеніне 43 жыл болған генералдың бұйрығымен айырбас сауда базарының салынуы ақылға қонбайды. Дегенмен, бұл базардың Ойылдың саудагерлері үшін айрықша маңызды болғаны сөзсіз.

Қазақтар «Мынанай» деп атап кеткен «Меновой двордың» қасында «Әлім тауы» деген төбе бар. «Мынанайда» қар кеткеннен бастап күзгі суық түскенге дейін қызу айырбас саудасы жүреді екен де, жаңағы «Әлім тауында» әлімдер Ойыл жәрмеңкесінен және т.б. жерлерден өкелген малын жайып бүкіл жаз бойы жатады екен. Орынбор қазақтарының арасында:

«Орыстың бір қаласы
«Мынанай-ды»
«Мынанай» тастан
салған құламайды.
Қылығы ақ еркенің еске түссе
Көрген көз, сүйген ауыз
шыдамайды», — деген өлең бар. Кім білсін, осы өлеңді жаздай «Мынанайда» түнде мал бағып жатып, сүйген жарын сағынған ойылдық жігіттердің бірі шығарды ма екен?!

Осы «Әлім тауының» астында үнгір бар. Кірер есігі тар, адам еңбектеп кіреді, ал ішіне кірген соң өр жағы кең, биік қуыс, өр жағында тағы тесік, оған кірсең — онда да кең бөлме, тағы тесік, солай жалғаса береді. Үңгірдің қабырғалары қалақ құмдақ тастан тұрғызылған. Бір ғажабы, осындай үңгір, яғни жер асты жолы Ойылдағы жәрмеңке кешені мен орыс мектебін жалғастырған көрінеді. Өкінішке орай, есігі мықтап бекітілген осы жер асты жолына түсіп, ішкі құрылысын анықтау өзірге мүмкін болмай отыр.

XIX ғасырдың соңғы жылдарына таман Көкжар жәрмеңкесінің дамуына айтарлықтай ықпал еткен Орынбор айырбас сауда базарының дәурені өте бастады. Орынбор әскери округінін таратылып, 1885 жылы арғы Каспий темір жолының тартылуы аталған айырбас сауда базарының бәсін күрт төмендетіп жіберді. Сауда айналымы онда 1878 жылғы 6 223 537 сомнан 1892 жылы 2 735 765 сомға құлдырап кетті.

Қостанай мен Ойылда халықтын саны көбейіп, олар қала денгейіне жетті. Қазақтар малын, басқа да шикізатын алып енді сонда, әсіресе Ойылға көбірек ағылатын болды. «Ойылда қазір ғажайып сауда корпустары, тауар сататын дүңгіршектер мен қоймалар тез бой көтеріп келеді. Әркайсысында 9 дүңгіршектен тұратын 18 корпустің казір 15-і дайын болды. Ойылда 1893 жылғы екі жәрмеңке де қызу өтті. Орынбордағы айырбас сауда базарымен салыстырғанда мұнда мал үш есе көп әкелінді. Жүн мен теріні сатып алушылар оны қолдан қолға тигізбей өкетіп жатыр. Ойыл жәрмеңкесінде сауда-саттық жүргізудің мәні жыл сайын тез күшейіп барады. Сондықтан осы жәрмеңкенің мәнмаңызын жете түсінген Рязань-Орал темір жолы қоғамы Ойыл мен Орал арасына темір жол тартуды ұсынып отыр» деп жазды О.Гельмгольц (83.35-53).

Осы материалда келтірілгендей, 1893 жылы 18 корпустың 15-нің ғана дайын болғанына қарағанда, жәрмеңке құрылысы кейбір мәліметтерде көрсетілгеннен ұзақ мерзімге созылған сияқты. Және О.Гельмгольцтің соңғы дерегі Орал губернаторының «Менің атыма Орал және Рязань темір жол желісі өкімшілігінің тарапынан ұсыныс түсіп, өз қызметін бастап та кетті. Олар Закаспий темір жол торабының бір тармағын Сағыздан бастап Ойыл бекінісіне тартпақшы. Ойыл бекінісі арқылы Орынборға тура жол салынса, бұл істін бәріміз үшін пайдалы болары хақ. Өлке қазақтары Орынбордан гөрі Ойыл жәрмеңкесіне малдарын сатқанды қалайды. Басты себеп, жәрмеңкенің дала қазақтарына жақындығы, екіншіден аймақтың мал бағуға жайлылығында» деген хабарламасында қайталанғанмен, Ойыл мен Орал арасын қосуға тиіс темір жолдың тартылмай қалғаны белгілі.

Бекіністе алғашқы сауда жәрмеңкесі 1869 жылдың 9 мамырында басталды. 15 мамырда Орал облысының әскери губернаторы Орынбор генерал-губернаторына: «Бүгінгі күн Орал облысының тарихына ерекше өріппен жазылып қалды деп ойлаймын. Орал облысының аумағында тұңғыш рет қазіргі заман талабына сай керуен сарайы тұрғызылды. Саудагерлер мен көпестерге барлық жағдай жасалынды. Алғашқы жәрмеңкенің ашылу салтанатына орайластырылып, ат жарысы ұйымдастырылды. Бәйгеге 37 сәйгүлік қосылды. Ат жарысы жергілікті уакытпен таңғы сағат 7-лер шамасында басталып, бәйге сағатқа созылды. Нәтижесінде бас бәйгеге тігілген 20 рубльді байбақты руының өкілі Құлсүйіндіков иеленсе, екінші болып мәре сызығын жаппас руының өкілі Жолдас Өтәлөевтін аты кесіп өтті. Бәйгесі 10 рубль» деп хабарлады.

Жәрмеңкенің ашылуымен бірге жабылуы да үлкен мереке, той ретінде өткен. Ат жарыс, атан жарыс, жерден теңге алу, басқа да ат үсті ойындары өткізіліп, мергендер мен палуандар бақ сынасқан, шахматтан, дойбыдан, тоғызқұмалақтан сайыстар ұйымдастырылған. Жан-жақтан құйылып келген күміс көмей өншілер, от ауызды жыршылар жәрмеңкені думандатып жібереді екен. Атақты маңғыстаулық күйші Есір Айшуақұлы Ойыл жәрмеңкесінде күй атасы Құрманғазымен кездесіп, біраз қасында болады, одан күй үйренеді. Сондай-ақ, жәрмеңкеде бірде Мералының Мұхиты мен оның шәкірті Шынтас Қаратаев, Тұрдалының Қызылы асқақтата ән шырқаса, бірде ысық Сәулебай мен алтай кете Әміреш күмбірлете күй төккен. А. Жұбанов «Замана бұлбұлдарында» Сәулебайдың өнеріне үлкен баға берген. Әміреш 1936 жылы Мәскеудегі онкүндікке қатысқан күйші, Алматыға қызметке шақырылған, бірақ жасы ұлғайып қалғандықтан онда бара алмапты. Әміреш домбыраны біресе арқасына, біресе мойнына қойып тартады екен. Күйшілігімен бірге елді де баскарған. Болыс болып жүріп губернатор мен ояз бастықтарының әділетсіз үкімін орындамағаны үшін патша түрмесіне отырып та шыққан.

Атақты Мұхит өншінің Көкжар жәрмеңкесінде болған бір сәті туралы А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» атты еңбегінде былай баяндайды: «Мұхит Көкжардың жәрмеңкесін аралап жүргенде бір қария татар шалының «Мұхаммедияны» (дінді дәріптеген түрік-шағатай тілі аралас поэма) өндетіп айтып отырғанын көреді. Қасында біраз тұрып, өлден уақытта жүгініп отыра қалып, өлгінің өзінен асыра, сол өуенмен айнытпай салып «Мұхаммедияны» судыратып қоя береді. Татар шалы Мұхиттың зеректігіне таңданып, ауызы ашылып қалады. Сол сәтте Мұхит бөркін алып, «мына шалдың өніне де жұрт ақша беріп жатыр, менің айтқанымды сіз қалай бағалайсыз» деп, қасында тұрған Соналының болысы Ақшолаққа ұсынады. Мақтануды сүйетін болыс, айналасына қарап, қалтасынан шиланын алып, он сом алтынды бөрікке лақтырып жібереді. Мұхит тағы бірнеше рет, өзінің базарды басына көтеретін асқақ даусымен «Мұхаммедияны» қақсатып жібергенде, діншілер бөрікті өп-сәтте ақшаға толтырады. Мұхит бөрік ішіндегі табысты мүсәпір шалдың алдына аудара салып жүріп кетеді».

«Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области» деген кітаптың «Учреждение и лица» деген тарауында осы өңірге Ақшолақ деген атпен белгілі Сарықожа тұқымдары туралы 1898 жылдан 1915 жылға дейінгі мәліметтер келтіріледі. Ақшолақ отыз жылдай ел басқарып, аға сұлтан атанған. Оның ұлы, бір кездері Ойыл болыстары кірген Калмыков оязына қарасты Соналы болысының аға сұлтаны Мұхамбетжан Сарығожин патшаға адал қызмет көрсеткені үшін Сенаттың арнайы Жарлығымен Николай Романовтың «Потомственный почетный гражданин Российской империи» құрметті атағын алған.

Орынбор өлкесіндегі жәрмеңкелердің ішінде «Базарбасы» қызметі алғаш рет осы Ойыл жәрмеңкесінде

енгізілді. Бұл турасында Орынбор генерал-губернаторы Сауда министріне: «Өлкедегі дала жәрмеңкелерінің ішінде «Базарбасы» қызметі алғаш рет Ойыл жәрмеңкесінде өз қызметін бастады. Ойыл жәрмеңкесінің Базарбасы болып А.Лепесов тағайындалды», — деп мәлімдеді.

Тек жәрмеңкені ғана басқарып қоймай, әлеуметтік істерге, онын ішінде отарлаушылар мен оларға қарсы көтерілгендер арасындағы қақтығыстарда бітімгершілік шараларға да белсене қатысқан, өңірді кейін «Ашықбай тоғайы» деген атаумен белгілі жасыл белдеумен байытқан Ашықбай Лепесовтің есімі орыс құжаттарында да жиі кездеседі. Б.Айшуақов сұлтаннан соң Орынбор қазақтарының батыс бөлігін билеген, Неплюев әскери училищесінің түлегі, подполковник Мұқаметқали Тәукиннің 1860 жылғы 6 ақпанда Орынбор қазақтарының облыстық басқармасына ұсынған марапаттау қағазында Ашықбай Лепесовке де заурядхорунжий шенін беруді сұрағаны айтылады (71.267).

Тегі қазақтың сауда жасауға о бастан қыры жок еді деу бекер сөз. Кеңестік кезең саудагерлік көсіпті санамыздан шеттетіп, күнделікті тіршілігімізге қажетті үйреншікті қарым-қатынастық қарекетімізден бойымызды аулақ салдырды. Әйтпесе аталарымыз осы Көкжар жәрмеңкесінде қолдағы малының етін де, жүні мен терісін де бағалата білуімен бірге, жәрмеңке ішінде жүріп-ақ бір сомын екі сом ете алған. Ш.Танкиевтің колжазбасында келтірілгендей, ешкіні бір сомға сатып алып, терісін ащы шегімен 20 тиынға сатады екен. Қоныркете Мөнет, адай Досан сияқты ат-бегілер көктемгі жәрмеңкеден ыңыршағы шыққан аттарды сатып алады екен де, баптап семіртіп, одан желгіш не жорға аттар шығарып, күзгі жәрмеңкеде қайта сатады екен.

Сондай-ақ, Ғ.Ахмедовтің дерегі бойынша, Орынборға келгенде Ахмед Хұсайынов деген татардың қалтасында не бары он сом болған. Қазақ арасында екі доғалақты арбаны жаяу сүйреп, айна-тарақ сатып байыған Ахмед кейін миллионер болып атақты «Хұсайния» медресесін салдырған. Одан қазақтың талай атақты зиялыларының білім алғаны белгілі. Ойыл өңірінде, міне, осындай өзіндік ауқаттану мектебінен өтіп, елге меценаттық үрдіс қалдырғандардың бірі Күмісбайұлы Меңдібай.

«Күмісбай атамыздың Қаңқайдың етегіндегі қараша үйіне бірде Орынборға бара жатқан саудагерлер қонақ болады, — деп еске алған еді шежіреші Жалғасбай Есенғалиев ағамыз. — Қонақтық үстінде қолға су құйып, қызмет көрсетіп жүрген он жастың төнірегіндегі қағылез балаға саудагерлердің назары түсіп, Күмісбайдан баласын өздеріне ертіп жіберуді өтінеді, сауда жасауға үйретейік дейді. Тұрмыс тауқыметін тартып жүрген Күмісбай атамыз келіседі. Бірақ бесалты жылға дейін баласы Меңдібайдан хабар болмайды. Содан баласынан өбден күдер үзіп, қайғы меңдеткен Күмісбай кемпірінің ақылымен ұлына құран оқыттыру үшін мал базарына қой сатып алуға барады. Саудагер қойының бәсін түсірмей, алайын десе қалтасындағы ақшасы жетпей қиналып тұрғанда қасына он бес-он алтылардағы бозбала келіп: «Ата, не саудалап жатсыз?», — деп сұрайды. «Қарағым, ұлымның Орынбор көпестеріне еріп кеткеніне біраз жылдың жүзі болды, не өлі, не тірі екені белгісіз, кемпіріміз екеуміз ақылдасып баламыздың аруағына құран оқыттыру үшін қой сатып алайын десем, мына саудагердің өкесінің құнын сұрап тұрғаны», — дейді Күмісбай. Бозбала қалтасынан ақша шығарып, қойды сатып өпереді де: «Жүріңіз ақсақал, үйіңізге дейін шығарып салайын», — дейді. Көр-жер өңгімемен екеуі Қаңқайдың етегіндегі қараша үйге де жақындайды. Екеуіне күн сала қараған кемпір, ұлын бірден танып: «Құлыным-ау, аман екенсің ғой», — деп құшағын жая ұмтылады. Сол Меңдібай атамыз қырлық толы жусанның түбірін шауып, күзге дейін мол етіп жинап алады. «Күмісбайдың шоқынып келген баласы енді жусан шауып күнелтпекші», — деп әжуалайды ауылдастары. Қыс ортасы ауа сол жусан түбірінің бәсі өсіп, Меңдібай үш-төрт бұзау сатып алады. Сәйтесәйте байып, ақыры Ойыл өңірінің белгілі адамдарының қатарына қосылады. Генерал Веревкин Ойылға келгенде болашақ жәрмеңкенің орнын ұсынған да Меңдібай атамыз. Кейін осы жәрмеңкені ұйымдастырушылардың бірі болды, Талтоғайда мектеп салуға жеке қаражатын қосты». Жәрмеңке комитетінің төрағасы А.Лепесовпен бірге, оның мүшесі, қазынашы М.Күмісбаев та қол қойып отырғаны жәрмеңкенің есеп құжаттарында сақтаулы.

Сауда жасау мәдениетінен де аталарымыз кенде қалмаған. Жәрмеңкеде мал базары бір бөлек, мата базары бір бөлек, тіпті темір-терсек бұйымдарына, арба, оның доңғалақтары мен көлік құрал-жабдықтарына арналған базарлар бөлек-бөлек, бір сөзбен айтқанда, жазын мен қысыңа қажеттінің бәрін жинап алуына болатындай дүние-мүлік жетіп-айырылған.

Статистикалық деректерге қарағанда, 1900 жылы Ойыл жәрмеңкесінің көктемгі ашылуында тауар алмастыру айналымы 1 миллион 491 мың сом, ал күзгі мерзімде 509 мын рубльге жеткен. Тарих ғылымының кандидаты В.Кунин «Аргументы и факты» газетінің 1990 жылғы 14 қыркүйектегі нөмірінде Орталық статистикалық комитеттің 1911 жылғы деректеріне сүйеніп, Ресей империясындағы сол кездегі ең ірі он үш жәрмеңкенің тізімін берді. Онда тауар айналымы сол жылы 2 миллион 140 мың рубльге жеткен Ойыл жәрмеңкесі тоғызыншы орында тұр. Заман мен қоғамның өзгерісіне және басқа да себептерге байланысты сауда айналымы да өзгеріп отырды.

1903 жылы жарық көрген «Россия. Толық географиялық сипаттама» атты географиялық энциклопедияның 18-томында Қазақстан жәрмеңкелерінің XX ғасырдың басындағы жұмысына шолу жасалды. Онда мынадай деректер келтіріледі: «Семей облысында Қарқаралы оязындағы Ботов (Қоянды) жәрмеңкесі бірінші орын алады. мұндай тауар айналымы 1 644 мың рубльге жетеді. Торғай облысында негізгі жәрмеңке Ақтөбеде — 326 мың рубль, екі жәрмеңке Қостанайда — 614 мың рубль, Торғайда — 186 мың рубль және екі жәрмеңке Ырғызда — 297 мың рубль. Орал облысында айтарлықтай үлкен жәрмеңке — Ойыл жәрмеңкесі, мұнда айналым 3,5 миллион рубльге жетеді, Калмыков жәрмеңкесі – 2,3 миллион рубль, Гурьев жәрмеңкесі — 160 мың рубльге дейін құрайды». Демек, 1901 жылы Ойыл жәрмеңкесі сауда айналымы жөнінен Қазақстандағы барлық жәрмеңкелердің ең алдында болды.

Көкжарға солтүстіктен, яғни Орынбордан, Саратов пен Самарадан, кей жылдары Мәскеуден орыс көпестері, ал оңтүстіктен өзбектер мен түркімендер, Кавказдан таулықтар ағылды. Тіпті мұнда Иранның, Үндінің саудагерлері, парсылықтар, қызылбастар мен күрттер де келгенге ұқсайды. Өйткені «Көкжарға пілге жүк артқан адамдар да келуші еді» дегенді ел ақсақалдары соңғы кезге дейін айтып келді. Ойыл өзенінің Берсеев атындағы шаруашылыққа өтетін бір тұсы қазір де Мақта өткел, Мақта жол деп аталады. Өйткені, ол жердің суы тайыздау және төтелеу болған да, мақта артқан есектерімен өзбектер сол жерден өткен. Сол жол Самның үстімен жүріп отырып Өзбекстанға барады екен.

Жалпы, Ойыл жәрмеңкесіне батыстан келетін жол Қандыкөлден басталады. Қандыкөлден Калмыков арқылы шығысты беткейлей Жекендіге, мұрағат құжаттарында Ащыойылға қосылады. Бұдан соң қырды жағалай отырып Ақшатауға құлайды. Ақшатаудың бір нүктесі Тетерік деп аталған, биіктігі 664 фунт. Осы жерде байланыс бекеті орналасқан. Керуен жолы Ақшатаудан оңтүстікті бойлай, Орындық тауы арқылы Ойыл өзенін жағалай отырып, Ойыл бекінісіне келген.

Ойылдан солтүстікке қарай Елек қаласына, одан әрі Орынборға бағыт алған. Мұндағы алғашқы аялдама — Жүндісай, одан әрі төте жол Ақбұрын арқылы Елек-Орынбор жолына қосылған.

Бекіністен шығысқа қарай Байдәулет арқылы Темірге, одан әрі Жемге бағыт алған.

Жәрмеңке 1917 жылғы сәуір төңкерісінен кейін саяси оқиғалардың ширыққан ошағына айналды. Күнбатыс Алашорда штабының Жымпитыдан Ойыл бекінісіне көшірілуіне, бекіністің Ойыл уалаяты Уақытша үкіметінің орталығына айналуына орай жәрмеңке қызметінің сипаты өзгерді. Ойыл бекінісінде жергілікті халық пен Ресейден келіп қоныстанушылар арасындағы дау-шарды шешетін шаруалар бастығы (крестьянский начальник), пристав, полиция басқармасы сияқты мекемелер мен лауазым иелері жұмыс істеді. Алайда, күшейе келе жәрмеңкеге жан-жақтан адамдардың құйылып келгендігі сонша, Орал облысы қазақтарының 1917 жылғы 19 сәуірде басталған съезі төртінші күнгі отырысында Ойыл және Темір жәрмеңкелерінде тәртіпті сақтау үшін арнаулы комитеттер құру туралы шешім қабылдады. Жәрмеңке комитеттерінің мүшелігіне жәрмеңкеге мейлінше көп қатысатын қазақ болыстарынан бір-бірден, ал орыс саудагерлері арасынан екі, татар саудагерлері арасынан екі, бұхарлықтардан бір өкіл сайланды.

Ойыл жәрмеңкесі комитетінің төрағасын қазақтардың Орал облыстық комитеті, ал Темір жәрмеңкесі комитетінің төрағасын Темір ояздық комитеті тағайындады. Ойыл және Темір жәрмеңкелеріңде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін құрамында орыстардан екі және бұхарлықтардан бір милиционер бар милиция басқармасы құрылды. Милиция құрамының басқа ұлттардан сайлануы жәрмеңкеге сырт өкілдерді көбірек тарту мүддесінен туса керек. Өйткені, съезд, сондай-ақ, облыстағы базарлар мен жәрмеңкелерге бөлінген аумақтарда қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізуге тілек білдірген қазақтарға, татарларға, басқа да мұсылмандарға, белгіленген мөлшерде төлемдерін міндетті түрде төлеген жағдайда, ешқандай кедергісіз жер бөлу қажеттігін де талап етті.

Көкжар мәрмеңкесі XX ғасырдың қырқыншы жылдарына дейін жұмыс істеді.

Материалдар жазушы
Сырым Бақтыгерейұлының
2009 жылы «Фолиант»
баспасынан шыққан
«Ойыл» кітабынан алынды.

Есімі елдің есінде

ДАНЫШПАН АБАЙ АЙТҚАН ҒОЙ: «АДАМЗАТ-БҮГІН АДАМ, ЕРТЕҢ ТОПЫРАҚ, БҮГІНГІ ӨМІР ЖАРҚЫЛДАП АЛДАР БІРАҚ. ЕРТЕҢ ӨЗІҢ ҚАЙДАСЫҢ, БІЛЕМІСІҢ? ӨЛМЕК ҮШІН ТУҒАНСЫҢ, ОЙЛА, ШЫРАҚ!» - ДЕП.

ДҮНИЕГЕ ШЫР ЕТІП КЕЛГЕН ӘРБІР ЖАНҒА МЫНА ЖАРЫҚ ӨМІРДІҢ РАҚАТЫ МЕН РИЗЫҒЫ ТАУСЫЛМАСТАЙ БОЛЫП КӨРІНЕДІ ҒОЙ. БІРАҚ ҚЫЗЫҒЫ МЕН ҚИҚУЫ КӨП ТІРШІЛІК ТОЛҚЫНЫ КҮНДЕРДІҢ КҮНІНДЕ ТУЛАП БАРЫП ЖАҒАНЫ ҰРЫП ТЫНАТЫНЫН, ӨМІРДІҢ КЕРУЕН КӨШІНІҢ БӘРІБІР БІР ЖЕРГЕ БАРЫП АЛДАЙТЫНЫН ЕСКЕРЕ БЕРМЕЙТІНІМІЗДІ ҚАЙТЕРСІҢ. АЖАЛ КЕЛІП, ЖАЛҒАН ДҮНИЕНІҢ СОҢҒЫ САҒАТЫ СОҒАР ДА ҒАНА ЕС ЖИНАРМЫЗ-АУ. СОНДА ҒАНА БАРЫП ҒҰМЫРДЫҢ ҚАС-ҚАҒЫМ, ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ ҒАНА ҚЫСҚА ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІП, Аһ ҰРАТЫНЫМЫЗДЫ АЙТСАҢЫЗШЫ!

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ ЕДІ!

Әр адамның табиғи болмысы, өмір жолы, тумысынан басына жазған тағдыры болатыны заңдылық. Яғни, әр адам пешенесіне жазылған жасын жасап, өз өмір жолынан өтуі тиіс.

Бірақ, пенделік ғұмырды біреу олай, біреу бұлай кешеді. Пөк жаралып, ақ болып өмірден өту өте қиын. Адам баласының «О, жалған дүние!» деп, «Өмір барда қаза бар» деуі де осыдан болар.

Адамның жаманы жоқ. Әсіресе, көзі жұмылғаннан кейін артында қалған жұрт марқұмның тек жақсы жағын айтып, мүмкіндік болса мақтауға тырысады. Ал біз сөз еткелі отырған марқұм Шаймерден Берғалиев шын мәнінде, жақсы адам болатын. Онымен таныс-біліс болған, көзін көрген жандардың бәрі де бұл сөзімізді құптары анық.

Күні кеше ғана ортамызда жүрген жайсаң жанның, өмірден ерте кетіп қаларын кім ойлаған. Адам жасының үлкен-кішілігіне қарамай алып кететін мейірімсіз ажал құрығының ұзын екеніне тағы да куә болдық. «Ажал айтып келмейді» - деген сөздің растығы мен сыры терең екендігіне амалсыз бас игендейміз.

Ие, тірі адам тіршілігін жасайды деген өмірдің бұлжымас қағидасымен жүргенімізбен, жаныңа жақын тұтар адамның бейнесі бәрібір көкейіңнен кетпей, қимас көңілдің аңсайтыны да шындық.

Көпшілік қадірлейтін, ал етене жақын жора-жолдастары әрі сыйлап, әрі жарасымды әзіл-назбен Шәке деп айтатын аяулы азаматтың бақилық дүниеге аттанғанына да біраз уақыт өтіпті. Бұл күнде сол аяулы достың жарқын жүзін, риясыз күлкісін, терең ойлы, мағыналы сөзін сағынасың, бірге жүрген, қатар еңбек еткен, пікір бөліскен, ақыл қосысқан кездерді еске аласың. Енді бүгін осы аяулы достың екінші өмірі жалғасып жатқандай. Ойланып отырсам Шаймерден Берғалиевті кемінде ширек ғасырдай уақыттан бері біледі екенмін...

Ол өте қарапайым еді. Қолынан келсе көмектесетін, ақыл-кеңесін аямайтын, жағдайды реттеудің тиімді тетіктерін ұсынатын, әр нәрсенің себебін мұқият түсіндіретін. Оның терісіне сыймай теңселіп жүргенін де, ашу шақырып алара қарап отырғанын да көрмеппін. Ол адамдық қалпынан айныған емес. Әдемі өзілі де өзіне ерекше жарасатын.

Көзілдірік үстінен қыран сияқты қарағаны алдындағы адамды рентгеннен өткізген сияқты, оның не ойлап, не қойып отырғандығын біліп отыратындай әсер қалдыратын. Сондықтан ол кез келген адаммен еркін пікірлесіп, оны өзіне баурап алып, тіл табыса кететін.

Данышпан Абай Отыз сегізінші қара сөзінде Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың: «Хайрун нас-мен йанфағу нас» (адам жақсысы кісіге жақсылық жасайтын адам) деген қасиетті хадисін келтіреді. Міне, сол айтқандай біздің Шәкең де осындай салих амалды, жаны ізгі адамдардың санатынан еді. Ол кісі талай адамға жақсылық жасап, қол ұшын созды, көмегі тиді, мүмкіндігінше қамқорлық көрсетті.

Біреулер озып кетсе күндемейтін, «елден қалып қойдым-ау», деп ренжімейтін, өзінің ұстанған бағытынан танбайтын, көздеген мақсатын орындайтын, қашан болса, қай кезде де бір қалыпты жүретін адам. Көпшілік оны сол үшін құрметтейді. Ал өзімен сыйласатын адамдарға жанынын тазалығын жайып, жүрегінің мейірім шуағын төгіп тұратын.

Адамның қоғамдағы орны атқарған ісіне, көтерген жүгіне қарай бағаланады.

Ол бүкіл ғұмырын өз еліне арнады, биік лауазымдарға көтеріліп қызмет етті. Бұл жолда ол қара-қан басының қамын күйттеген жоқ. Атақ та қумады, құнығып дүние де жинаған жоқ.

Сонау сексенінші жылдары кадр тәрбиелеуде барынша қатаң талап қойылатын. Кез келген адам өуелі ең төменгі қызметтен бастап, биікке бірте-бірте сатылап көтерілетін. Шаймерден Берғалиев та осындай мектептен өтті. Қызмет жолын жәй құрылысшыдан бастап, Жекенді селолық советінің төрағасы қызметін атқарды.

Бұл жерде ол өзінің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін көрсете біліп көптеген елдік істердің атқарылуына мұрындық болды.

Бүгінгі күнгі Сарбие селосының кіре берістегі алаңға құм тосқауылынан қорғау мақсатында ағаштар егіліп бүгінде олар бой көтеріп, ауылдың сәнін келтіріп тұрған жасыл желек сол уақытпен санаспай еткен еңбектің жемісі.

Осындай еңбегі еленген азамат ауданда жаңа ғана қалыптасып келе жатқан, аудан әкімі аппаратының жетекшісі қызметіне шақыртылып оны іскерлікпен атқарды.

Бұл жылдар еліміз үшін қиын жылдардың бірі еді. Зейнетақы, еңбекақы мен жәрдемақы бірнеше айлар бойы берілмей жатты. Осындай жағдайда аппарат қызметкерлері ел жұрттың ортасынан табылып оларды мемлекеттің болашағына сендіре алды. Соңғы сегіз жыл бойы аудандық мәслихаттың хатшысы қызметін атқарып осы кезде болған Сенат, Мәжіліс депутаттарын сайлаудағы жұмыстарын табандылықпен айтыс-тартыссыз ұйымшылдықпен өтілуіне атсалысты.

Осындай қызметте жүріп өз қатарының ғана емес, өрісі бөлек өзгеше мінезімен, алдына келген адамдардың алмағайып мінезінің бәрін көтеріп, тіл табыса жүріп, соларға жағымды жайсаң, жарқын мінезімен қандай жұмыс болса да, оны үндемей жүріп, айқай сүреңсіз бітіретін.

Шындығында, бұл ата-анадан алған тәлім-тәрбиенің жемісі десе де болғандай. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» - деген халық мақалын осыны дәлелдегендей..

Марқұм, Аққали ағамызбен Гүлзада апамыз бүкіл саналы ғұмырын осы ауданды өркендетуге арнаған абыройлы еңбектері, халықтың жадында.

Сол кешегі Кеңес өкіметі тұсында, Аққали ағайдың сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сапар Сағынтаев, Жетікөл совхозының директоры Отар Клипановпен бірге Қазақ ССР-ы автомобиль жолдары министрі А.Гончаровқа кіріп, бүгінгі Ойыл жұртшылығы пайдаланып жүрген Ойыл-Ақтөбе көпірінің салынуына қол жеткізгенін қайсы біреулері білсе, қайсы біреулер біле де бермеуі мүмкін.

Ал, ағаның арттағыны қозғап ағалығын көрсетіп, алдағыны болжап даналығын айшықтаған ес жияр өңгімелері әліде есімізде. Ол өзгеден ерен, тумысы бөлек сырбаз, сирек кездесетін шынайы тазалықтың иесі еді, жылдың қай кезеңі болса да, ауарайының қандай құбылмалы кезінде болса да, үстіндегі киіміне шаң жуытпай тап-таза күйінде өзін тіп-тік қалпында сақтап жүретінін кезінде көзіміз көрді, ал замандастары оны тілге тиек етіп айтып отыратын.

Бабалар сөздерінде айтылғандай, «өмір-аққан сел, замана-соққан жел». Ілгеріге ұмтылған күндер керуені қаншама жақсыларымыз бен жайсаңдарымызды арамыздан алып кетіп жатыр десеңізші!

Дүние,ойлап тұрсаң шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен,- деген халық даналығы қандай дәл айтылған.

Міне осындай елге үлгі ата-анадан тәлім алып өскен Шаймерден Аққалиұлы елу бес жылдық қысқа ғұмырында жасаған еңбегі мен білімін, іс тәжірибесін өзінің туған жеріне жұмсады.

Орыс жазушысы В.Шукшин, -Өмір деген үш раундтан тұратын шайқас. Олар: Жастық, ересектік, қарттық. Адам соның кемінде екеуін жеңуі керек деген екен.

- Еркекке Құдай: «20-дан 40-қа дейін балаңа қара, 40-тан 60-қа дейін санаңа қара, 60-тан әрі қарай шамаңа қара», - дейді екен.

Демек, Шәкең бала-шағалы болды. Оларды оқытты, тоқытты. Өзі абыройлы қызмет атқарды. Шукшинше айтсақ, алдыңғы екі раундта жеңіске жетті. Ал, қарттыққа жете алмағаны, Алланың ісі шығар.

Шәкең жарық дүниеден қашан кеткенше басынан бағы таймаған адам. Әрине, бұл жалғанда төрт құбыласы түгел болған пенде сирек. Алайда, тіршіліктің ләззаты - отбасында дейтін болсақ, Шәкең бұл жағынан бақытты еді.

Осы орайда, мына бір оқиға ойға орала береді. Кеңес өкіметі кемелденген шақ болса керек, ауылға айбар, қоғамға сыйлы бір азамат дүние салыпты. Оның артын да әйелі және едел-жедел өсіп келе жатқан үш ұлы қалыпты. Отбасында отағасының рөлі мен орнын жақсы білетін от анасы ұлдарына жақсы өкенің орнын ойсыратпас үшін бір ақыл ойлап тауыпты. Күйеуінің көзі тірісінде үнемі үстінен тастамай киіп жүретін палтосын төрге іліп қойыпты. Онымен қоймай ілулі киімнің қалтасына өзінің еңбекпен тапқан жалақысын салып қояды екен. Баланың аты бала еме спе, қайсы бір кезде болымсыз қажеттілік үшін анасынан тиын-тебен сұрамай ма? Сол кезде ақылды әйел «балам шаңырағымыздың ризығы, ана өкелерінің қалтасында тұр. Содан барып алыңдар. Бірақ отбасылық нәпақамыз үзіліп қалмасын, қажеттіліктен тыс ақша жұмсамаңдар» - деп, екінің бірінің ойына келе бермейтін қатаң тәртіп орнатыпы.

Осы бір парасатты әйелдің жасаған жақсы амалының арқасында ұлдары дүниеде жоқ өкесін өгейсімей, өкесі барлардың қасында еңсесі түспей, жақсы өкенің жомарт қалтасындағы адал ризықтан ішіп-жеп ердің сойы болып өскен екен.

«Ер жігіттің атын әйел шығарады» - деген мәтел бар. Қазақ «жігіттің аты жақсы болса бір бақыт, алған жары жақсы болса мың бақыт» - деген деп тегін айтпаса керек. «Жақсы жар ол да Алланың сыйы» - дегенде нақыл бар.

Ие, Сәуле Зейноллақызы бұл отбасына алтын босаға болып бекіді. Бақыттың, барлықтың қазынасы болып кірді. Әулеттің ырыздығын, берекесін тасытты. Қолы ашық, жоқты бар, барды мол ететін, «Жүзігім алтын болғанша, жүзім жарқын болсын» - дейтін нағыз бәйбішенің өзі болды. Мақтан тұтар ұрпақ өкелді. Демек, Шәкеңнің артында ізі қалды. Ол – ерінің алаңсыз қызмет істеп, халқының құрметіне бөленуіне аянбай жағдай жасай білген, түсініскіпен өнегелі өмір кешкен құдай қосқан қосағы Сәуле олардың ұрпағы - Гүлзира, Исатай, Зейнұр, Нұрбек. Жауқазындай жайнап өсіп келе жатқан немерелері бар.

Осындай тұяғы, ағайын-туысы, жанашыр дос-жолдастары барда Шәкеңнің тігіп кеткен ірілік туы жығылмайтынына сенуге болады.

Осындай сәттерде ажалды ойлап тәубаға келгенімен, тірі адам тіршілігін жасай береді ғой. Бәлкім, адамзаттың ең үлкен бақыты да - қашан, қандай жағдайда өлетінін білмейтіндігін де шығар...

Т.ШАЛАБАЕВ,
зейнеткер.

НОТАРИАТ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Мемлекет басшысы ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық еткен нотариат, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша заңнамалық актілерге түзетулер енгізу туралы Заңдарға қол қойды. Қабылданған түзетулерді жасамас бұрын қолданыстағы заңнама мониторингінің нәтижелері және құқық қолдану практикасына талдау жасалды. Нотариат саласында тұрғындар үшін қандай жаңашылдықтар күтілуде?

Нотариатты цифрландыру үрдісі осыдан он жыл бұрын Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің (бұдан әрі - жүйе) құрылған сәтінен басталған болатын. Нотариат саласындағы өзгерістерге тоқталатын болсақ, Заңмен жүйеге енгізілетін мәліметтер, оның мәтіні, оларды беру талаптарын регламенттейтін түзетулер, сондай-ақ жүйені сүйемелдейтін тұлғалар мен нотариустардың бірқатар міндеттері қарастырылды. Нотариаттық іс-әрекеттерді жүйенің электрондық тізілімінде тіркеу кезінде нотариустар олардың жасалғаны, мұрагерлік істің ашылғаны және өсиеттердің есепке алынғаны туралы мәліметтерді енгізуге міндетті болып табылады. Көрсетілген мәліметтер - дереу түрде, ал мұраның ашылғаны туралы мәлімет тиісті өтініш келіп түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізілуі тиіс. Атап өту қажет, 2018 жылдан ашылған мұрагерлік істерді, куәландырылған сенімхаттарды, ал 2020 жылдан - нотариустармен жасалған атқарушы жазбаларды http://notariat.kz/ және http://enis.kz/CheckTestament интернет-қорларында тексеру қолжетімді. Заңмен тұлғалардың өздеріне қатысты осындай мәліметтерді ақысыз негізде алу құқығы белгіленді. Жүйе нотариаттық іс-әрекеттердің электрондық, мұрагерлік істер, өсиеттерді есепке алу тізілімдерінен және электронды нотариаттық репозиторийдан тұрады.

Орталықтандырылған электронды репозиторий жүйесі мен нотариустың электронды архивін құру 2022 жылдың 1 қаңтарынан жүзеге асырылады.

Заңның жаңашылдығының бірі – жылжымайтын мүлікпен мәмілерді ресімдеуде эксаумақтық қағидатының енгізілуі. Бұл азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеп, өздері тұрып жатқан елді мекенде отырып республиканың басқа жеріндегі жылжымайтын мүлкін рәсімдеуге мүмкіндік береді және коронавирус инфекциясының таралуы жағдайында өте өзекті болып табылады. Жүйеде әрбір нотариаттық құжатқа автоматты түрде бірегей QR-код берілетін болады. Бұл құжатты бұрмалаудан сақтайды. 2016 жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен мәмілелерді жазбаша нысанда қағаз жеткізгіште және де электрондық нысанда жасау мүмкіндігі нотариустарға нотариаттық іс-әрекеттерді электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе графикалық планшеттерді пайдалану арқылы электронды нысанда жасау құқығын заңнама жүзінде бекітуге мүмкіндік берді. Енді азаматтар өз қалаулары бойынша нотариаттық іс-әрекеттерді электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе цифрлық қолтаңбаға арналған графикалық планшеттің көмегімен электрондық нысанда жасай алады. Қағаз жүзіндегі құжаттар бірте-бірте қалып бара жатыр: оларды үнемі алып жүру ыңғайсыз, бір ғана данадағы құжатты жоғалтып немесе бүлдіріп алу қаупі болады. Заңмен нотариуспен дайындалған электрондық түрдегі құжаттың қағаз жүзіндегі құжатқа, сонымен қатар қағаз жүзіндегі құжаттың электрондық түрдегі құжатқа теңділігін куәландыру бойынша жаңа нотариаттық іс-әрекет енгізіледі. Мысалы, нотариусқа қағаз жүзінде ресімделген құжат ұсынылады. Нотариус оның электрондық түрдегі бейнесін жасайды және олардың теңділігін растайды. Сонымен екі құжаттың тең заңдық күші белгіленеді. Ал электронды түрде келіп түскен құжатты нотариус қағазға түсіріп, оның бірдей екенін куәландырады. Сонымен қатар электронды құжатты жасаған тұлғаның қолы тексеруден өткені туралы көрсетеді. Мысалы, сенімхатты бір қаладан екінші қалаға жеткізу қажет. Тұлға сенімхатты куәландыру үшін нотариусқа жүгінеді. Нотариус сенімхатты электронды түрде жасайды және онымен жасалған сенімхаттың мазмұнының барабарлығының қағаз нұсқасын электронды түрде растайды. Нотариус басқа қалада кері рәсімін жасайды. Аталмыш нотариаттық іс-әрекеттің артықшылығы айқын. Бұл – сенімділік, үнемділік, жеделдік. Аталған өзгертулер ағымдағы жылдың 1-ші шілдесінен бастап енгізіледі және сандық технологиялар дәуірінде азаматтардың меншік құқықтарының қорғалуының кепілі болып табылады.

Нотариаттық құпияның ұғымы енгізіліп, оны сақтауға міндетті тұлғалар тізімі бекітілді. Бұдан басқа, заңмен Республикалық нотариаттық палатаның органдары реттелген.

Енді республикалық деңгейде жергілікті нотариат палаталардың тәртіптік комиссияларының шешімдеріне арыздарды қарастыратын Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы құрылады. Ол тәуелсіз орган және Съезге есеп беруге міндетті. Республикалық (4 нотариус) және аумақтық деңгейдегі тәртіптік комиссиялардың құрамына кемінде 4 нотариус және әділет министрлігі мен аумақтық әділет органдары ұсынатын 3 қоғам өкілі енгізілуі тиіс. Мұндай құрылым – комиссиялар қызметінің ашықтығын, жанжақтылығын, әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Нотариат қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында оның интернет-сайттарында нотариаттық қызметпен айналасып жүрген нотариустардың тізімі, атқарушы органдарының мүшелері, нотариаттық палаталардың қаржы-шаруашылық қызметінің есептері, тәртіптік комиссиялардың жұмысы туралы талдаулар және т.б. жарияланатын болады. Заңмен атқарушылық жазба жасаудың тәртібі анықталды. Нотариат жүйесінің сот орындаушылар жүйесімен ықпалдасуымен атқарушылық жазбаларды электронды түрде жасау және құжатты орындауға электронды форматта жіберу бекітілді.

Ойыл ауданаралық әділет басқармасы

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы Екпетал ауылының тұрғыны
Құттыбаева Күләш (15.09.1951 – 12.07.2020)

Жыл толды жамылдың
жер топырағын
Өзіңді өркез еске ап отырамыз.
Арамызда өлі де жүрсе ғой деп,
Еске алады бүгінде жақындарың.
Амал не, тағдыр қылар өз дегенін
Толмады, арман-мақсат
көздегенің
Жан ана, біздер үшін орның ерек
Тек қиын сағынышты сезбегенің.
Уақыт шіркін зулайды
сағынышпен
Келмейсің жалынсақта
жалынышпен
Орның жұмақ, иманың жолдас болсын
Нұрланғайсың пейіштің нұрыменен.
Еске алушы Рзиндер өулеті, балалары, немерелері, жиендері

Ойыл селосы
Әлімжан Нұрманов
12.07.1974 – 20.02.2020

Өмірдің жолы күрделі, әрі бұралаң,
Жаратушымыз оны ақ-қарадан құраған.
Қарасына пенде қамығып, кейде қан жылап,
Тағдыр талқысына еріксіз көніп шыдаған.
Сондаймыз біз де, ерте кеттің, құлыным,
Ішімізге толды уайым, зарлы қайғы-мұң.
Азамат едің, сыйлы жүрген ортасына,
Хабарыңды естіген қалып еді ел тосыла....
Кенеттен кеттің, сартап болып санамыз,
Ойласақ іштей қайғыдан күйіп-жанамыз.
Өткенді ойлап, келешектен үміт қып,
Бізде жүрміз жеткенінше шамамыз...
Бір жыл өтті, бейнеңді қарғам, сағындық,
Алладан сұрап қайырын, жақсылығына
жалындық.
Алдың бейіш, артың нұр, шапағатың тисін деп,
Дұға қылып өзіңе, тағдырға біз де бағындық.
Сағынышпен еске алушылар анасы Бақыт және бауырлары.

Жарқын бейнелерің мәңгі есімізде...

Ұстазымыз Сапарова Гүлжан (Сая) Тынышевна (14.03.1958ж – 18.11.2013ж)

Ерлан Шохабаев Қайратович (20.08.1983ж– 09.11.2003ж)

Асылбеков Айтуар Базылұлы (01.07.1984 – 03.12.2019ж)

Тұрғамбеков Қуаныш Орынбасарұлы (09.06.1984ж – 15.04.2020ж)

Кетебаева Жанаргүль Әлібекқызы (15.06.1983ж – 12.07,2020ж)

Өмір ғой бұл жырлансада да
жыр қанша,
Пенде тұрмас дүние
соңы тұрғанша.
Е Құрдастар жиырма жыл өтіпті,
Есті жинап көзді ашып жұмғанша.

Өмір толқын жылжып жатар үнемі,
Күннің өтіп қызыл жасыл күреңі.
Бір мектептің білімінен нәр алған,
Біздер едік **2001** түлегі.

Білім беріп бастауышта алғашқы,
Бойыңыздан көрінетін бар жақсы.
Сағынамыз **Сая апай** сізді де,
Сіз жоқ кезде қанша
мезгіл алмасты.

Әрбір таңнан күтумен
бар жақсылық,
Пенде ғұмыр сүреді жалғастырып,
Арамыздан үш бірдей арысымды,
Шымыр жалған ап кетті
шаң қаптырып.

Өмір деген бір кітап ертегі бұл,
Көсіле алмай қалатын тентегі бір.
Ерлан деген елеулі атың бар ед,
Жиырманда таусылды ау
келте ғұмыр.

Алға сүйреп өмір белес көшінде,
Қадам бастың ілгерілеп өсуге.
Айтуарым аяқталды ау сапарың,
Кемең тоқтап отызыңның бесінде.

Тағдыр тақта торға
сүйреп тарпаңын,
Асау жалған қысқа күрмеп арқанын.
Пешенеңе жазған жазмыш
Қуаныш,
Тарту етті отызыңның алтауын.
Запыраным таусылар ма
мұң жырым,
Кем дүниенің кессең дағы кіндігін.
Жанаргүлдей жайнап
өскен арудың,
Сұм ажал кеп солдырыпты
бір гүлін.
Келмес пенде жүрсек дағы
кеш қалып,
Жыласақта бастарыңа бес барып.
Бүгін міне бұлыңғырлау елестен,
Отырамыз біз сіздерді еске алып.
Жиналсақта ойдан қырдан
там тұмдап,
Арқаға ауыр ардың жүгі артылмақ.
Жыласақта жас жанардан
тамшы үзіп,
Құрдастардың орнын
кімдер толтырмақ.
Еске алушылар ; 2001 жылдың түлектері. 1984 тер

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш көсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Жазымова Раушангүл Тұрғалиқызына ағасы
Еркін Тұрғалиұлының
қайтыс болуыны байланысты, ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш көсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Бижанова Салтанат Махатқызына інісі
Ержан Махатұлының
қайтыс болуыны байланысты, ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1548 дана. Тапсырыс №713
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

МӘҢГІ ЖЕРДІҢ БЕТІНДЕ БІР НҮКТЕ БАР

МӘҢГІ МЕНІ ЖҮРЕТІН САҒЫНДЫРЫП,-ДЕП ФАРИЗА АПАМЫЗ ЖЫРЛАҒАНДАЙ, ҰЛЫҚ БОЛСЫН, КІШІК БОЛСЫН, ҚАЙ ПЕНДЕНІҢ ДЕ ЕҢ ҚАСТЕРЛЕЙТІНІ ДЕ, ҚАСИЕТ ТҰТАТЫНЫ ДА АНА МЕН ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚҰШАҒЫ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ЕР ЖЕТІП, КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН ЖЕРДЕ ТҰРАҚТАП ҚАЛҒАННЫҢ ДА, АРМАН ҚУЫП ОДАН ЖЫРАҚТАП КЕТКЕННІҢ ДЕ «ТАЛ БЕСІКТЕН ЖЕР БЕСІККЕ ДЕЙІНГІ БҮКІЛ ӨМІРІНДЕ ЕҢ АЛДЫМЕН ҚАДІР ТҰТАТЫНЫ ОСЫ ЕКЕУІ.

Бұрын анам барда туған жерге жиі барушы едім, соңғы кезде сирексітіп кеттім.

Биыл Шымкенттен төркіндеп келген үлкен қызымыз Гүлбақытты, үлкен жиеніміз Әйгерімді, Атыраудан келген ұлымыз Рауанды ілестіріп, ауылға жолға шықтық. Балалық шағында нағашыларына келіп жүретін балаларымыздың естеліктері көп болып шықты.

– Жолда қалың шиден өтетін едік қой, - дейді Гүлбақыт. Машинадан түсіп қой жуа теретін едік.

– Иә, менің де есімде қалыпты, - дейді Рауан іліп әкетіп,

– Сағыз да теретін едік, мамам бізге мынау қара сағыз, мынау сары сағыз деп таныстыратын, ішін ашқанда құрт шығып жататын, бізге құмынан тазартып беретін еді ғой...

«Туған жердің топырағы да ыстық» деген, ғасырлар бойы жатқан қара жолдың ыстық топырағын табанымызға басып, біраз жаяу да жүрдік.

Қышқыл жусанның иісі мұрын жарады. Көдімгі ауылдың тәтті саф ауасы. Кеудеңді керіп жұта бергің келеді. Балаларымыз да мәз, мен де мәзбін.

Қара жолда қаланың кербез көлігі аяғын баспайды,қайта-қайта бауырын жер сызып, ілбіп келе жатсақ та, туған даланың сұлулыққа толы табиғатын тамашалаудан жалығар емеспіз.

Адамның ең бір бақытты шағы, бейкүнә, пендешіліктен ада шағы – балдәурен, балалық шағы. Оның қымбатылығы – санаңда өмірбақи өмір сүруінде.

Менің санамда балалық шағымнан сақталып қалған суреттер өте көп.

Жалпы біздің ауыл құмақты жер. Техника өте аз болатын. Сондықтан да үй арасындашөптің небір түрі өсіп тұратыны жадымда жатталып қалыпты.

Ауылдың қақ ортасында үлкен жалғыз тал болды. Оны халық «Еріш талы» деп атайтын. Шамасы, Еріш атам отырғызған болса керек.

Жыл сайын анам мені «Саралжын» совхозындағы «Көсембай» деген жерде тұратын Жамиға апама жіберетін. Барғанша қуанғанмен, қайтарда алып кететін көлік болмайтындықтан, ұзақ жатып қаламын. Сол кезде ауылымды қатты сағынамын. Көсембайдағы ең биік төбешікке шығып ауыл жаққа ұзақ қарап тұрамын. Алыстан қарайып жалғыз ағаш көрінеді. Балалық көңілмен оны Еріш талы деп ойлайтынмын. Ауылды сағынатыным сондай – сол Еріш талын бетке алып қашып та кеткім келетін.

Оппасор мен Ақпаншиге мектепке апаратын, қолдан тіккен сөмкемізді, пышағымызды алып, ауыл балалары қой жуа теруге шығатынбыз. Әр шидің түбінде бармақтай басы бар, иісі мұрынды жаратын даланың тәтті жуасының дәмін қалай ұмытасың? Оның қасында сабағы жұп-жұқа болып ит жуалар да өсетін. Ауызымыздан жаман иіс шығарады деп оны көп тере қоймайтынбыз. Сол жуаларды сөмкемізге толтырып, ертесіне мектепке әкеліп, бармаған балаларға үлестіретінбіз. Не деген бейкүнә, таза балалық сезімдер еді?!.

Дүкенші Алпыс ағайдың қызы Нұрбике біздің кластасымыз. Әр таңда класс болып Нұрбикені асыға күтетінбіз. Өйткені, ол бізге екі қалтасына толтырып әкелген түрлі аң-құстың суреті бар, тесік-тесік тәп-тәтті печеньелерді үлестіретін. Ия, сол кездегі печеньелердің де дәмі өзгеше еді! Қазіргідей молшылық заман жоқ, тәтті-пәттіге зәру ауыл балалары бір мәз болып қаламыз.

Ауыл өмірі өте қызық болатын. Асар жасап әйелдер киіз басатын, ерлер там соғатын. Кешке дейін бір киіздің оюын салып, білектеп, соғып керемет текемет шығаратын.

Анашым өте қонақжай болды ма, әйелдер біздің үйге ұршықтарын әкеп ешкінің, қойдың жүндерін түтетін, түбіттейтін. Шайдан кейін жиналып отырып, әңгімелерін айтып, шауаларын бітіріп отыратын. Сондағы әңгімелеріне құлақ түрсең, көбіне балалары мен немерелерінің төңірегінде өрбитін. Сол кезде «Құдай-ау, балалары туралы осылай жалықпай әңгіме айта беруге болады екен-ау!» - деп таңғалатынмын.

Сүйтсем, бұл өмірдің заңы екен. Қазір енді өзіміз сол бала, немеренің қызықтары мен қылықтарын айтып түгесе алмайтын дәрежеге жеттік.

Балалық жолдан даналық жолға жету үшін ауыл өмірінен қаншама тәрбие алдым.

Мектеп қабырғасында оқып жүргенде сенбіліктерде Молдабайға ұл-қыздар болып қи оюға баратынбыз. Ассуымызды да қамдай баруды ұмытпаймыз, балалар қи ойып, қыздар ойған қиды далаға текшелеп жинап қоятын едік. Әрі демалыс, әрі еңбекке тәрбиелеу. Естелік болып қалған сол балалық күндерді қалай ұмытарсың!?

Сол балалықтан даналыққа бастаған өмірге деген алғашқы қадамдарымыз болар, тоғызыншы класты бітіргеннен кейін, бір ай практикаға қой төлдетуге шығатынбыз. Көктемнің алғашқы бүр жарып жатқан сәуір айы, шырыш-шырыш жаңа туған қозыларды тасып жүретінбіз. Рамазан ағам бізді бала деп қарамайтын. Бір қозының да шетінеп кетпеуіне жауапкершілікпен қарауды үйрететін. Сүйтіп жүріп, табиғаттың сұлулығын сезінуді, еңбекке төселіп жатқанымызды сезінбеппіз ғой.

Жаз болса екі ай жарым трактордың соңында шөп жинаймыз, косилкада отыратынбыз. Кластасым Марат Еңсегенов екеуміз Жөлен ағайға жазыламыз. Жөлен аға өте сабырлы, көп сөзге жоқ, өте еңбекқор кісі еді. Ағырыс апа таңғы 5^{00}-де тұрғызып, шайға қандырып, шалап-суымызды беріп шығарып салатын. Талай қалғып кетіп, косилкаға түсіп кете жаздағанбыз. Сүйтіп, бізді ауыл еңбекке тәрбиеледі, есейтті. Даналыққа жеткізді.

«Өмір дегенің өткен күндер емес, есте қалған күндер» - деген, ауылда өткізген қымбат та қимас шақтарым жазылмаған дастан ғой.

Бұрынғыдай күтіп отырған анам мен әпкелерім болмаса да, зираттарына барып дұға оқуды өзімнің балалық борышым деп, жыл аралатып елге келіп-кетіп жүремін.

Екі-үш жыл бұрын келгенімде, мүлгіп жатқан ауылымның сүреңсіз, көңілсіз көшелерін көріп, көңілім құлазып қайтқан.

Бұл жолы оң өзгерістер барын ауылға кіргеннен-ақ байқадым. Орталық көшелердің бойындағы мекемелер рең-сипаты өзгеріп, іші-сырты ретке келіп, «қыздың жиған жүгіндей» бола қалыпты. Әсіресе, күл-қоқыстан арылған көше тазалығына ерекше риза болдым. Талай жылдардан бері қаулап өсіп, күтімсіз қалған саябақтағы тал-теректер де мұқият кесіліп, сап құрған сарбаздай қаздиып тұра қалған. Көше бойындағы самаладай жарқыраған шамдар, сол шамдардың астында осы елге еңбегі сіңген аға буынның суреті мен өмірбаяны жазылған естелік тақталар мен билбордтар, әр бұрышқа орнатылған қоқыс жәшіктері ауылда расымен тың серпіліс барын аңғартып тұр. Тіпті қап-қара болып жататын құдықтардың өзі сырланып, әдемі үйлесім таба қалыпты.

Рас, көше бойында ілінген суреттердегі бір кездегі өзіме етене таныс жандардың арасынан республикаға еңбегі сіңген зейнеткер дәрежесіне дейін жеткен, орыс тілі пәнінің оқытушысы Күләш Нұрымгереева, математик, шәкірттердің сүйікті ұстазы Бақыт Төжмағамбетов ағайымды көре алмағаныма қынжылдым. Алдағы уақытта жерлестерім осы олқылықтың орнын толтыратынына сенімім көміл.

Ауылдағы оң өзгерістерді көріп, жиендерім Қамбар, Гүлбарам, Мақтымдардан ауыл әкімінің кім екенін сұрап жатырмын. Дәурен Бисебаев деген азамат көрші ауылдың тумасы екен. «Жақсының жаты болмас, жаманның ұяты болмас» - деген, бұл ауылдың азаматы болмаса да, ауылға біраз өзгерістер әкелгеніне қатты қуандым.

Ер үстінде ұйықтамасаң,
Атқа міниіп нең бар?
Халық қамын ойламасаң,
Датқа болып нең бар? - деген екен Саттар Ерубаев.

Ауыл адамдары «Әлі төрт көшеге асфальт төселеді, бұл да осы әкімнің іскерлігінің арқасы. Ал талапшылдығы бөлек әңгіме, күнде таң мен кеште ауыл тазалығын тексеріп шығады» - деп мақтап отыр. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген осы.

Кетерде ауыл әкімімен жүздесіп, жырақта жүрген елдің қыздарының атынан алғысымды айтып, батамды беріп кетпекші едім, онымен іссапармен аудан басына жүріп кеткенін естідік.

Рас, жаңа басшыға жасаған жақсылығы үшін алғысымды білдіріп, бір-екі базынамды да айта кетсем деген ойым болған. Ауылда әлі күнге дейін мешіт жоқ екен. Имандылық – мешіті, имамы бар жерге ұялайды. Жастарды қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін мұндай рухани ордасы бар ауылда орынсыз ғайбат, өсек айту, ұрлық жасау секілді лас әдеттер азайған болар еді.

Бұрын мектеп директоры болған, қазір зейнеткер ұстаз Мұхит Кереев ағай: «Ауылға Жекенді совхозының директоры болған Сәрсенғали Балапашевтың атын берсе деп ұсыныс жасап едім» - дейді. Мен де ағайдың пікірін өте орынды ұсыныс дер едім. Бұл ұсынысты С.Балапашевпен замандас болып, шарапатын көрген кез-келген ауыл тұрғыны қос қолдап қолдайтынына сенімдімін.

Ауылдың атауы әлі күнге дейін бір жүйеге түспепті. Бір ауылдың ішінде әлі күнге дейін «Жекенді», «Сапақкөл», «Сарбие» деп үш түрлі аталады.

Балаларым бір ауылдың неге үш түрлі аталуын сұрады.

Естуімше, алғаш рет осы жерге қоныстанған халықтың тігерге тұяғы болмай, жалпы бәріне ортақ бір сары биелері болыпты. Сол бие халықты көп қиындықтан алып шықса керек. Содан осы жер «Сарбие» атанып кетіпті.

«Жекенді» атауы – сағымды сары белдерде шөптердің ақселеу, еркек шөп, жусан, бидайық, қарабас, изен, ебелек, бетеге, саралжын, жекен сияқты жүздеген түрі өседі. Ойыл ауданының бір мекенінің бірі жаңағы саралжын шөбінің атауымен аталады. Осындағы «Жекен» шөбіне байланысты ауыл «Жекенді» ауылы атанып кеткен. «Қобыланды» жырында да «Жекендінің, Жетікөл, Қызғыштың Қызылкөлінен бесінде өтті» деп жырланатын осы Жекенді мен Жетікөл деп айтады.

«Сапаккөл» атану тарихы – ертеректе қоңырлардың шұрайлы жерлеріне байұлының мықтылау аталары сырттай қызығып жүріпті. Сүйтіп, анаумынау сылтау тауып, сол жерлерді қоңырлардан тартып алмақшы болады. Қолды Көктаубай деген батыры бастап келеді – Қоңырдың екі батыры Сапақ пен Байғұтты Көктаубайды қарсы алуға дайындалады. Көктаубайлар келер жолда Қандыкөл деп аталатын ну қамысты көлге Көктаубайды кіргізіп, қамыс арасында тосып тұрған Сапақ Байғұттыға жақындай берген Көктаубайды найзамен шаншып өлтіреді. Көктаубай өлтірілген сол үлкен көл Сапаккөл деп аталады. Бұл деректерді жазушы Сырым Бақтыгереев «Ойыл» кітабында келтіреді. Мен сол Сапаккөл сегіз жылдық мектебін бітірдім, -деп түсіндірдім.

Елдің берекесі –елдің ынтымағынан бастау алады. Игі істер ғана артына өзінің ізін қалдырады.

«Қыз –тілекші» - дейді халқым. Алыста жүрсем де ауылымның амандығын, иман ұялаған ауыл болуын тілеймін. Өйкені, ол менің анаммен қатар қояр кіндік қаным тамған жер...

Ғазиза РАХМЕТОВА,
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы,
Ақжайық ауылы.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫ

№ПГСВ-24 **09.07.2021 ж.** Ақтөбе қаласы

«Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирусинфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы»Ақтөбе облысының бас мемлекеттіксанитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №ПГСВ-24 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің38-бабы 1-тармағы 4) және 7 тармақшалары, 104-бабының 2, 3, 4, 7-тармақтарын, Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отрысының 2021 жылғы 21 маусымдағы хаттамасы және «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы»Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1шілдедегі №31қаулысынбасшылыққа алып,

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №ПГСВ-24 қаулысына (бұдан әрі-Қаулы) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қаулының 1-тармағы мынадай редакциядағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) қызмет көрсету жөніндегі объектілердің (халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі банктер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаштараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары/орталықтары/кабинеттері, моншалар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендерінің, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, адвокат, нотариус, бухгал-тер және консалтинг, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі объектілер, өзге де объектілер);

халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сақтау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

мәдениет және демалыс объектілерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер және басқа да мәдени-демалыс ұйымдары);

халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілердің (қонақ үйлер, отельдер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалар);

жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлардың, теміржол, автомобиль және су вокзалдарының, өзен және теңіз порттарының, автостанциялар/автоөтпе жолдарының, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің;

білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересектер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы объектілердің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалары/аймақтары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдасқан ұжымдарда орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткізуді жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

барлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік объектілердің (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары);

денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың;

дәріхана ұйымдарының;

тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерінің (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, үй-жайлар мен аумақтарды дезинфекциялық өңдеу бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару қызметтері, кондоминиум объектілерінің басшылары (пәтер иелерінің кооперативтері, мүлік иелерінің бірлестіктері және жай серіктестіктер және басқалар);

экскурсиялық қызмет көрсететін ұйымдардың;

демалыс объектілерінің, ойын-сауық ойын объектілерінің (компьютерлік клубтар, бильярд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары/саябақтары, аттракциондар, аквапарктер, караоке, лотерея клубтары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нүктелер және басқалар);

байланыс және телекоммуникация объектілерінің;

өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ұйымдасқан ұжымдардың;

қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің, күштік құрылымдардың, мемлекеттік органдардың;»;

2) Қаулының 1-тармағы мынадай редакциядағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«осы қаулының 1-тармағының 12 тармақшасында көрсетілген ұйымдардың вакцинацияланбаған жұмыскерлері үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) (7 күнде 1 рет) міндетті ПТР-тестілеу;»;

3) Қаулының 1-тармағы мынадай редакциядағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«2021 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде(тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) вакцинаның бірінші компонентімен, ал 2021 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде COVID-19-ға вакцинаның екінші компонентімен профилактикалық егулер жүргізуді ұйымдастырсын.».

4) **Қаулы қосымшасының 44 бағаны келесідей редакцияда жазылсын:**

44	Банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету)	**тыйым салынады, «ASHYQ» жобасына қатысатын Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 03.06.2021ж. №26 қаулысына сәйкес нысандарды қоспағанда**

2 .Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3.Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының
Бас Мемлекеттік
санитариялық дәрігері **Н.Беркімбаева**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ПГСВ-25 **09.07.2021 г.** город Актобе

О внесении изменений и дополнений в постановление Главного государственного санитарного врача Актюбинской области от 30 июня 2021 года № ПГСВ-24 «Об усилении ограничительных карантинных мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Актюбинской области»

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции (далее - COVID-19) среди населения Актюбинской области, а также с учетом сложившейся эпидемиологической обстановки на территории Актюбинской области, руководствуясь подпунктом 4) и 7) пункта 1статьи 38, пунктами 2, 3, 4, 7 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» от 7 июля 2020 годаи протокола заседания Межведомствен-ной комиссии по недопущению возникновения и распространения коронавирусной инфекции на территории Республики Казахстан от 22 июня 2021 года и постановлениИГлавного Государственного санитарного врача Республики Казахстан «О внесении дополнений в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 25 декабря 2020 года № 67» от 1 июля 2021 года№31,**ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Внести следующие изменения и дополнения в постановление Главного государственного санитарного врача Актюбинской области от 30 июня 2021 года №ПГСВ-24 «Об усилении ограничительных карантинных мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Актюбинской области» (далее-Постановление):

1) пункт 1 Постановления дополнить подпунктом 12) в следующей редакции:

«12) ограничение допуска на работу в очном режиме для работников, не получивших вакцинацию против COVID-19 (за исключением лиц, имеющих постоянные медицинские противопоказания и переболевших COVID-19 в течение последних 3-х месяцев) следующих организаций/объектов:

объектов по оказанию услуг населению (центры обслуживания населения (ЦОНы), отделения АО «Казпочта», банки второго уровня, объекты финансового рынка, страховые компании, агентства по недвижимости, рекламные агентства, обменные пункты, ломбарды, салоны красоты, парикмахерские, объекты по оказанию маникюра и педикюра, косметологических услуг, услуг адвоката, нотариуса, бухгалтера и консалтинга, химчистки, прачечные, фитнес, спорткомплексы, спортивно-оздоровительные центры, СПА и массажные салоны/центры/кабинеты, бани, сауны, бассейны, пляжи, типографические услуги, швейные ателье, фотосалоны, обувные мастерские, цветочные магазины сервис по ремонту обуви, одежды, ремонту оргтехники, иные объекты);

объектов оптовой и розничной торговли (в том числе хранения) продукции и товаров народного потребления, в том числе рынки, торговые дома, торговые сети, торгово-развлекательные центры, магазины, минимаркеты, супермаркеты, гипермаркеты;

объектов культуры и досуга (музеи, музеи-заповедники, библиотеки, концертные организации, филармонии, театры, кинотеатры, концертные залы, клубы, галереи, выставки, цирки и другие культурно-досуговые организации);

объектов в сфере оказания услуг по проживанию населения (гостиницы, отели, хостелы, мотели, общежития, кемпинги и другие);

организаций, осуществляющих пассажирские перевозки, аэропортов, железнодорожных, автомобильных и водных вокзалов, речных и морских портов, автостанций/автопереходов, пунктов обслуживания пассажиров;

организаций образования и воспитания, в том числе образовательных развивающих и коррекционных центров (для взрослых и детей), учебно-производственных комбинатов и других внешкольных организаций;

объектов санаторно-курортного и оздоровительного назначения (санатории, дома/базы/зоны отдыха, профилактории, детские оздоровительные лагеря (пришкольные, загородные), туристские базы и другие);

объектов общественного питания, в том числе, размещенных в организованных коллективах, а также осуществляющих доставку еды, стрит-фуды;

медико-социальных объектов всех типов (дома престарелых, инвалидов, дома ребенка и другие);

организаций здравоохранения, в том числе лабораторий;

аптечных организаций;

объектов жизнеобеспечения и коммунального хозяйства (организации водоснабжения, теплоснабжения, электроснабжения, по уборке территорий и вывозу отходов, по дезинфекционной обработке помещений и территорий, аварийно-спасательные службы, руководители объектов кондоминиума (кооперативы собственников квартир, объединения собственников имущества, простые товарищества и другие);

организаций, оказывающих услуги экскурсионной деятельности;

объектов досуга, развлекательных игровых объектов (компьютерные клубы, бильярдные залы, боулинги, развлекательные центры/парки, аттракционы, аквапарки, караоке, лотерейные клубы и иных пункты/точки по реализации лотерейных билетов и другие);

объектов связи и телекоммуникаций;

промышленных предприятий, организованных коллективов;

учреждений уголовно-исполнительной системы, силовых структур, государственных органов.»;

2) пункт 1 Постановления дополнить подпунктом 13) в следующей редакции:

«13) обязательное ПЦР-тестирование (1 раз в 7 дней) для невакцинированных работников организаций, указанных в подпункте 12) пункта 1 настоящего постановления (за исключением лиц, имеющих постоянные медицинские противопоказания и переболевших COVID-19 в течение последних 3-х месяцев);»;

3) пункт 1 Постановления дополнить подпунктом 14) в следующей редакции:

«14) в срок до 15 июля 2021 года организовать проведение профилактических прививок первым компонентом, а в срок до 15 августа 2021 года - вторым компонентом вакцины от COVID-19 работников организаций, указанных в подпункте 3.45 пункта 3 настоящего постановления (за исключением лиц, имеющих постоянные медицинские противопоказания и переболевших COVID-19 в течение последних 3-х месяцев).».

4) строку 44 в приложении Постановления изложить в следующей редакции:

44	Банкетные залы (обслуживание по типу ресторанов и кафе) ***запрет,***	***за исключением объектов, участвующих в проекте «ASHYQ» в соответствии постановления Главного Государственного санитарного врача РК №26 от 03.06.2021г.***

2. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.
3.Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

Главный Государственный
санитарный врач
Актюбинской области **Н. Беркимбаева**